

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ  
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ  
"Т.РЫСКҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ"  
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ  
ШЫҒЫС № 13-02-272  
"18" 02 2026 ж.

## МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА


Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, 2026 жылдың 17 наурыз күні дарынды, белсенді жастарды анықтау және қолдау мақсатында «**Ұланбыз – Ұлттың үміті**» атты аудандық жайдарман фестивалі ұйымдастырылып өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Фестивальге ауданның жалпы білім беретін мектептері, лицейлері, гимназиялары мен қосымша білім беру орталықтарының 10 – 17 жас аралығындағы білім алушыларынан құралған 6-10 ойыншысы бар командалар қатыса алады.

Байқаудың ережесі қосымша тіркелген.

Қосымша: 4 парақта

**Т.Рысқұлов ауданының  
білім бөлімінің басшының  
міндеттерін уақытша атқарушы**



**Б.Самылтыров**

Орындаған: Г.Ногайбаева  
Тел: 2-14-10

**«Бекітемін»**  
**Т.Рыскулов ауданының**  
**білім бөлімінің басшының**  
**міндеттерін уақытша атқарушы**  
Самыл Б.Самылтыров  
**« 18 » Ақпан 2026 жыл**

**«Ұланбыз – ұлттың үміті»**  
**аудандық жайдарман фестивалінің**  
**ЕРЕЖЕСІ**

**I. Жалпы ережелер:**

1.1 «Ұланбыз – ұлттың үміті» атты аудандық жайдарман фестивалі 2026 жылдың 17-ші наурыз күні аудандық білім бөлімі мен балалар мен жасөспірімдер орталығы және аудандық «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» ҚБ ұйымдастыруымен өткізіледі.

1.2. Фестиваль жасөспірімдердің шығармашылық қабілетін, тапқырлық ойлауын, сахналық мәдениетін дамытуға бағытталған мәдени-бұқаралық іс-шара болып табылады.

1.3. Осы ереже «Ұланбыз – ұлттың үміті» атты аудандық жайдарман фестивалінің мақсаты мен міндеттерін, өткізу тәртібін, қатысушыларға қойылатын талаптарды және жеңімпаздарды анықтау шарттарын белгілейді.

**II. Мақсаты мен міндеттері:**

**Мақсаты:**

- жасөспірімдер арасында ұлттық сана мен отансүйгіштік рухты қалыптастыру;
- әзіл арқылы қоғамдағы өзекті мәселелерді мәдениетті түрде жеткізе білуге тәрбиелеу;
- дарынды, белсенді жастарды анықтау және қолдау.

**Міндеттері:**

- қатысушылардың шығармашылық белсенділігін арттыру;
- сөйлеу мәдениетін, сахналық шеберлікті дамыту;
- командалық жұмыс пен өзара сыйластықты қалыптастыру;
- қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.

### III. Ұйымдастыру тәртібі:

3.1. Қатысушы командалар ережеде көрсетілген талаптарды толық орындауы қажет.

3.2. Фестивальді өткізудің кезеңдері:

Аудандық кезең: **17 наурыз 2026 жыл**

Облыстық кезең: **23 - 26 наурыз 2026 жыл**

3.3. Фестивальге ауданның жалпы білім беретін мектептері, лицейлері, гимназиялары мен қосымша білім беру орталықтарының 10 – 17 жас аралығындағы білім алушыларынан құралған командалар қатысады.

3.4. Команда құрамы 6 – 10 ойыншыдан тұруы тиіс.

3.5. Әр командада бір жетекші (мұғалім немесе тәрбиеші) болуы міндетті.

3.6. Фестивальдің аудандық кезеңіне қатысуға сұраныстар (мектептің **1 командасы**) **2026 жылдың 16 наурызына [abb\\_elzat@mail.ru](mailto:abb_elzat@mail.ru)** электронды пошта арқылы қабылданады.

### IV. Фестивальдің өткізілу тәртібі мен кезеңдері:

Фестиваль келесі кезеңдер бойынша өткізіледі:

#### 4.1. Сәлемдесу

- тақырыбы: «Ұланбыз – ұлттың үміті»;
- команданың өзін таныстыруы, ұстанымы мен ерекшелігін көрсетуі;
- әзіл мазмұны тәрбиелік, ұлттық құндылықтарға сай болуы тиіс;
- уақыт шегі: 5 минут.

#### 4.2. Үй тапсырмасы

- тақырыптары (*ұсынылған тақырыптардан таңдаулы 1 бағытты қамту*): ұлттық рух, білім мен тәрбие, жас ұрпақтың болашағы, қоғамдағы өзекті мәселелер;
- сахналық қойылым, миниатюра немесе музыкалық форматта ұсынылады;
- бейәдеп сөздер мен орынсыз қимылдарға жол берілмейді;
- уақыт шегі: 5 минут.

#### 4.3. Музыкалық нөмір (қалауы бойынша)

- ән, би немесе музыкалық әзіл элементтері қамтылуы мүмкін;
- ұлттық нақыштың көрініс табуы құпталады;
- уақыт шегі: 3 минут.

## **V. Бағалау шарттары. Байқау жеңімпаздарын анықтау.**

- 5.1** Командалардың өнер көрсетуі келесі талаптар бойынша бағаланады:
- әзілдің мазмұны мен тәрбиелік мәні;
  - тақырыпты ашу деңгейі;
  - актерлік және сахналық шеберлік;
  - сөйлеу мәдениеті;
  - командалық үйлесім;
  - уақыт тәртібін сақтау.

Марапаттау және қорытындылау:

- Бас жүлде, I, II, III орын иегерлері анықталады;
- қосымша номинациялар тағайындалады:
- «Үздік команда»
  - «Үздік әзіл»
  - «Үздік ойыншы»
  - «Қазылар көзайымы»
  - «Ең әсерлі қойылым»
  - «Ұлттық рухты дәріптеген команда»
  - «Ең креативті әзіл».

## **VI Байланыс ақпараттары**

### **6.1 Байқау ұйымдастырушылары:**

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі және Балалар мен жасөспірімдер орталығы. Мекен-жайы: Луговой ауылы, С.Есімов көшесі, 24 А үй  
Тел: 8 7754311985 Тилеубаева Эльзат Аязкуловна жауап береді.

**«Ұланбыз – ұлттың үміті»**  
аудандық жайдарман фестиваліне  
қатысуға

**СҰРАНЫС**

Білім беру ұйымының атауы: \_\_\_\_\_

Команданың атауы: \_\_\_\_\_

Команда құрамы:

Аты-жөні: Мектебі, сыныбы:

1.

2.

3.

4.

Команда жетекшісінің аты-жөні: \_\_\_\_\_

Лауазымы: \_\_\_\_\_

Байланыс телефоны: \_\_\_\_\_

*Сұраныс жіберуші мекеме басшысының мөрі және қолымен бекітілуі қажет.*